

ӘОК 316.422.4

## COVID-19 ЖӘНЕ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТӨЙЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

**Науқенов Ұлан**

[naukenovulan@icloud.com](mailto:naukenovulan@icloud.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Әлеуметтану» мамандығының студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А. Тлеспәева

2020 жылдың ең маңызды оқиғалардың бірі covid-19 коронавирустық инфекция эпидемиясы екені сөзсіз. Вирустың қысқа уақыт ішінде бүкіл әлемге тез таралуы қазіргі қоғамды ұйымдастыру негіздерін, оның ішінде экономика, саясат, әлеуметтік-мәдени салаларын айтарлықтай өзгертті, осы кеңістіктердегі жаһандық дағдарысты тереңдетті [1] және бүгінгі күнге дейін көзден таса болған саяси, әлеуметтік-экономикалық проблемалардың (әлеуметтік теңсіздік, әлеуметтік қамсыздандыру мен қызмет көрсету, әлеуметтік фобия, көші-қон, нәсілшілдік және т.б.) айқын көрініс табуына ықпал етті [2].

COVID-19 пандемиясының қазақстандық қоғам өміріндегі салдарын анықтау мақсатында бірқатар зерттеулер жүргізілді. Мысалы, «ELIM» маркетингтік және әлеуметтанулық зерттеулер институты 2020 жылдың 15-22 наурызы аралығында аурудың таралуы, карантин уақытындағы мәжбүрлі шаралар мен қазақстандықтардың өзін ұстауы туралы мониторингтік сауалнама жүргізсе [3], 2020 жылдың наурыз айынан бастап жыл бойы «BISAM – Central Asia» бизнес-ақпарат, әлеуметтанулық және маркетингтік зерттеулер орталығы COVID-19 пандемиясымен шартталған өзгерістерді бақылау арқылы

қоғамдық көңіл-күй мен әлеуметтік жағдайды мониторингтеп отырды. Мәліметтер Gallup International-дың халықаралық сауалнамалары және бірқатар арнайы өлшемдер аясында жиналды [4].

Пандемиямен байланысты жүргізілген алғашқы зерттеулердің басым бөлігі оның саяси және экономикалық салдарын анықтауға бағытталды. Алайда, COVID-19 таралуынан күрделенген жаһандық дағдарыс әлеуметтік-экономикалық саладағы трансформацияның мықты катализаторы болады және бұрынғы қалыпты өмірге оралу іс жүзінде мүмкін емес екені түсінікті. Пандемияның тікелей және жанама ықпалы барған сайын күшейе түсуде. Кей ғалымдар белгілі бір сәттен бастап эпидемия салдарының антропологиялық қауіпі (әлеуметтік оқшаулау, банкротқа ұшырау, жұмысынан айрылу) аурудың өзінен жоғары болады деп есептейді [5]. Көптеген авторлар «тұтыну қоғамының» құлдырауы, қазіргі «таң қалдыру экономикасының» дағдарысы туралы айтуда. Белгілі экономист және бизнесмен, «Қара аққу» теориясының авторы Н.Талей пандемия тұтынушылық әдеттерді біршама өзгертеді, себебі «оқшауланған кезде адамдар қажетсіз барлық заттарды сатып алуды тоқтатады» [6].

Шынында, қазақ бірегейлігінің бір негізі болып табылатын тойға, тойды өткізу әдебіне COVID-19 пандемиясы қалай ықпал етті?

Қазақ – тойшыл қауым. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайтын қазақ – бесіктен бейітке дейінгі өмірін өлеңмен өрген халық. Десек те, қазақтың тойы – сауық-сайрандайтын іс-шара емес, ол қазақтың жатбауыр болып кетпей, ағайын мен туыстың жақсылықта бас қоса алатын бірлігі үшін керек. Туыстық – барлық қоғамдарда адам өмірінің маңызды бөлігін құрайтын әлеуметтік қатынастар желісі.

Әлеуметтік желі – бір немесе әртүрлі әлеуметтік-мәдени кеңістіктерде жеке позициялардың, идеялардың, ережелердің, әрекеттер мен мүдделердің өзара байланысын қамтамасыз ететін арналар. Әлеуметтік кеңістікке тік және көлденең байланыстар арқылы кіріге отырып, әлеуметтік желілер сенім, өзара қолдау, ұнату, қалау, ортақ істерге қатысу негізінде әр адамға өзінің әлеуетін арттыруға (кейде бірнеше рет) мүмкіндік береді. Нарық жағдайында мұндай желі әлеуметтік капиталды иелену сипатында болады, яғни адамның әлеуметтік желідегі орны нарықтық айырбас процесінде табыс табуға (тек материалдық пайда ғана емес) жол ашады.

Той – әлеуметтік желілерді сақтаудың, жаңа желілерді қалыптастырудың бір арнасы. Қыз алысумен байланысты той-жиындарда қыз берген жаққа «өрісің кеңейді» дейді, демек жаңа туыстық қатынастардың – әлеуметтік желілердің орын алғандығын білдіреді. Ал, сүйек жаңғырту – бұрындары құдандалы болған жақтар қайтадан қыз алысып, қыз берісіп [құдалықты](#) одан әрі жалғастыратын немесе өте алыстап кеткен ағайын туысты ана (шеше) жағынан бауырларды қайта жақындату мен қосуға арналған салт, - «үзілген» әлеуметтік желілерді қайта қалпына келтірудің тәсілі. Сонымен, әлеуметтік желінің жұмыс жасауы үшін өзарабайланыс пен қарым-қатынастың болуы маңызды. Қарым-қатынас бар – желі бар. Егер әлеуметтік желіні тұрақты түрде үнемі жүзеге асырмаса, онда желі өзінің функцияларынан айырылады.

COVID-19 пандемиясы қоғамдық ұйымдасу мен күнделікті өмір практикасына, оның ішінде той тойлауға да өзгерістер енгізді. COVID-19 жаһандық жайылуы туралы хабар жеткеннен Қазақстан билігі қажетті шараларды қолға алды. Соның бірі – «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығынан [7] бастау алған азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында үлкен жиындардың өткізілуіне тыйым салу, әлеуметтік қашықтықты міндеттеу. Бірақ, ескерту де, айыппұл да қазақтың тойын тоқтата алмады.

Ауылдық жерлерде үй ауласында той тойлау қайта кең етек алса, қалада мейрамхананың артқы есігінен ғана кіруге болатын жасырын тойлар өткізілді [8]. Мұны макросоциологиялық деңгейде статикалық сипаттағы әлеуметтік институттардың тұрақтылығымен түсіндіруге болады. Ғасырлар бойы қалыптасқан той өткізу дәстүрі бірден

жоғала қоймайды және әрі қарай өмір сүруі үшін жаңа жағдайларға бейімделеді. Шындықты қабылдай отырып, бейімделудің бір жолы – онлайн той. Тойды WhatsApp, ZOOM, Youtube желілерінде жасаған той иелері туыстар мен құрбы жолдастарын жинап қана қоймай, асаба жалдаған да болатын. Асаба:

«Коронавирус кет, кет, кет!

Карантин - саған ответ,

Кетірмейсің сен тойды.

Той ватцапта болады», - деп жауап беріп, той басқарған жағдайларды, тіпті, онлайн тойда көрімдікті картаға жіберуді де ұмытпай, кезек-кезек тілек беріліп, әншілердің төбе көрсеткенін де байқағанбыз [9]. Дегенмен, микросоциологиялық деңгейде, яғни күнделікті өмірдегі тұлға іс-әрекеті тұрғысынан, елеулі өзгерістер орын алды.

Америкалық психолог А.Маслоу ұсынған «Қажеттіліктер пирамидасына» жүгінсек, ең қарапайым табиғи қажеттіліктен кейін адам баласы үшін маңызды нәрсе – қауіпсіздігін сақтау. Қазақстан аумағында COVID-19 өршіп, жұқтырғандар саны артқан сәтте бойымыздағы «бармасақ ұят боладыны» жиыстырдық. Егер пандемияға дейін ағайын-туыстың тойға бармауы, онда қызмет етуі қатал жазаланса (әлеуметтік желілердің түбегейлі немесе уақытша үзілуі, әлеуметтік топ тарапынан айыптау сияқты санкциялардың орын алуы), енді бұл практика қалыпты болып барады.

Байқағанымыз, COVID-19 алып келген өзгерістер ірі құрылымдарға да, шағын әлеуметтік топтар мен индивидтерге де ықпал етті. Маңыздысы, әлеуметтанушылар ретінде қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени кеңістігіндегі трансформацияларды түсіндіру және пандемияның осы трансформациялар бағытына қалай ықпал еткендігін анықтауымыз қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://globaldialogue.isa-sociology.org/wp-content/uploads/2020/09/v10i2-kazakh.pdf>
2. <https://globaldialogue.isa-sociology.org/wp-content/uploads/2020/12/v10i3-kazakh.pdf>
3. <http://marketingcenter.kz/20/opros-covid-19-kazakhstan.html>
4. <https://www.bisam.kz/ru/news>
5. Асмоллов А.Г., Солдатов Г.У., Малеева Т.М., Сорокина С.С., Алдошина Т.Л. Кросскультурный мониторинг образов инфодемии и пандемии. Заглядывая в будущее: мир после коронавируса // Мониторинг экономической ситуации в России. Тенденции и вызовы социально-экономического развития. — 2020. — № 10 (112). — 88-91 беттер.
6. Нассим Талеб – РБК: «Я вижу угрозу серьезнее пандемии». – <https://pro.rbc.ru/demo/5e998c119a7947697d5cb9d9>
7. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31915024&doc\\_id2=32648341](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31915024&doc_id2=32648341)
8. <https://qazaqstan.tv/index.php/hashtag/%D0%B6%D0%B0%D1%81%D1%8B%D1%80%D1%8B%D0%BD%20%D1%82%D0%BE%D0%B9>
9. <https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B+%D0%BE%D0%BD%D0%BB%D0%B0%D0%B9%D0%BD+%D1%82%D0%BE%D0%B9%D0%BB%D0%B0%D1%80>